

23 ақпан 2017 жыл.
№22 (5371)

ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖҰРТШЫЛЫҚ



А. САРЫМСАҚОВА,
ҚАУ-дың академиялық мәселелер жөніндегі проректоры



ЖАҢАНДЫҚ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ЖОЛЫНДА

2017 жылдың үшінші ақпанында Астанада мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың қатысуымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Онда Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауының негізгі мақсаттары мен міндеттері талқыланды.

Нұрсұлтан Назарбаев сол жолы **білім беру саласындағы реформаларға**, үштілділік оқыту жүйесіне, **12 жылдық білім беру жүйесіне көшудің маңыздылығына** тоқталды.

Бұл ретте мен Қазақ-Америка университетіндегі үштілділік оқыту жүйесімен, халықаралық стандарттарды енгізу тәжірибесімен бөліскім келеді.

Биыл Қазақ-Америка университеті **20 жылдығын** атап өтпек. Университеттің өмірі Қазақстан Республикасының қарқынды дамуының барлық бағытымен тығыз байланысты.

Әрбір оқу орны білім беретін орнаның ішкі және сыртқы жағдайын және ресурстарын ескеріп, өзіне тән айрықша ерекшеліктеріне сүйене отырып, өзінің келбеті мен қызмет стилін қалыптастырады, білім беру саласында өз орнын басуға тырысады.

Американдық және қазақстандық жоғары оқу орындары бағдарламаларының синтезі негізінде жоғары оқу орнын құру туралы ой Қазақ-Америка университетінің негізін қалаушысы және



ситеттерімен магистранттардың және бакалаврлардың дайындығы бойынша қос дипломдық халықаралық білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады. ҚАУ-да «А» категориясы бойынша үш жыл білім алған студентке төртінші оқу жылы шетелдік оқу орнында оқуын жалғасты-

дырылған және институционалдық аккредитациядан өтті.

Жоғары оқу орнының миссиясы негізінде халықаралық еңбек нарығында бітірушілердің бәсекелестігін және әлемдік білім беру кеністігіне табысты кіру үшін ҚАУ американдық стандарттарды енгізуді белсенді

белсенді

Әмірлан Құсайыновқа тиесілі.

Жыл сайын Қазақ-Америка университеті мамандарды даярлауда және оқытудың сапалы жоғары деңгейіне жету мақсатында қазіргі талаптарға жауап беретін оқу үрдісінің мазмұнына, жоғары оқу орнының құрылымына инновациялық сипаттағы жаңалықтарды енгізуде.

ҚАУ жүйелік, технологиялық, басқару және әлеуметтік бағдарламаларды белсенді енгізуде. 1997 жылдан бастап университет ҚР-ның жоғары оқу орындарының ішінде бірінші болып студенттердің оқытуының бөлу процесін; олардың білімдерін бақылауды (бағалауды); дайындықтың көпбалдық әріптік деңгейінің жүйесін; еңбекақының инновациялық төлеу жүйесін; Hand-outs (активті үлестірмелі материал); оқытудағы үштілділік тұжырымдамасын; тілдерді білуді кешенді бағалаудың жан-жақты критерийлерін; үштілділік глоссарийді; дипломдық жобаларды (жұмыстарды) ағылшын тілінде қорғауды енгізді.

ҚАУ-да көптілділіктің міндеттерін іске асыруға бағытталған жоғары білімді және оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандардың тілдік дайындықтарының сапасын арттыру, сонымен қатар сыртқы академиялық ұтқырлықты кенейтуде жүйелі жұмыс атқарылуда. 19 жыл көлемінде ҚАУ-да пәндер барлық мамандықтар бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Бұл жұмыстың нәтижелерімен университет оқытушылары конференцияларда, семинарларда бөліседі.

ҚазБСҚА және ҚАУ тілдік пәндер оқытушылары академик Ә.Құсайыновтың жетекшілігімен тілдер бойынша (қазақ, орыс, ағылшын) Лингвоқешен дайындап, тұсауын кесті. Бұл оқу құралының ерекшелігі функционалдык-прагматикалық бағытымен және коммуникативтік қажеттілігімен анықталады.

ҚАУ Болон декларациясына сәйкес АҚШ, Италия, Испания, Канада, Корея, Түркия, Малайзия универ-

ситеттерімен бірігіп оқу орнын диплом алып, студент ҚАУ-дағы пәндер бойынша айырмашылығын тапсырып, қазақстандық стандартқа сай бакалавр дәрежесін және мемлекеттік үлгідегі диплом ала алады.

Университет құрамына 1998 жылдан бастап мектеп, ал 1999 жылдан Алматы байланыс колледжі кіреді (ҚАУ жанындағы АБК).

2003 жылдың ақпан айында ЮНЕСКО-ның бас директоры Коичиро Матсуура ҚАУ жанындағы мектепті ЮНЕСКО құрамындағы мектептер қатарына қабылдайтынын растайтын сертификат табыстады. Білім беру «0»-сыныптан 6-сыныпқа дейін қазақ және орыс тілдерінде, ал 7 мен 11-сыныптар үш категория бойынша ағылшын тілінде өтетін пәндердің сандарымен ерекшеленеді және жаратылыстану-техникалық, экономикалық және гуманитарлық үш бағыт бойынша жүргізіледі. Республикадағы 7900 мектеп арасында 21 мектеп қана ЮНЕСКО ассоциацияландырған мектептер тізіміне енген.

ҚАУ жанындағы Алматы байланыс колледжі 30 мыңнан астам маман тәрбиелеп, өз қабырғасынан жоғары деңгейлі байланысшылар шығатын оқу орны ретінде танылды. Тәжірибе шеңберінде ҚАУ жанындағы байланыс колледжі біріншілердің қатарында болып білім беру жүйесіне оқытудың несиелік технологиясын енгізуге рұқсат алды. Жұмыстың нәтижесі ретінде ұжым өз тәжірибесімен «ҚАУ жанындағы Алматы байланыс колледжіне оқытудың несиелік білім беру жүйесін енгізудің тәжірибесі» атты жинағында бөлісті.

Жыл сайын ҚАУ өз қаражатынан 200-ден астам «Scholarships» стипендиясын жағдайы нашар отбасынан шыққан дарынды студенттерге тағайындайды.

2015 жылдың наурыз айында ҚАУ Білім берудегі сапаны қамсыздандыру жөніндегі Тәуелсіз қазақстандық агенттікте мамандан-

ған Test of English as Foreign Language, АҚШ экономикасы, Халықаралық қаржы менеджменті, американдық үкімет және саясат атты пәндер енгізіліп, белсенді оқытылады.

Университеттің түлектеріне дипломды өндіріс, саясат, ғылымның көрнекті қайраткерлерінің табыстауы дәстүрге айналған. Олардың қатарында: Ж.Қалиұлы – ҚАУ-дың Қамқоршылар кеңесінің төрағасы, Парламент Мәжілісінің депутаты, ҚР-дағы БҰҰ Қауымдастығының төрағасы; М.Жұрынов – Қамқоршылар кеңесінің мүшесі, ҚР-ның ҰҒА президенті, электрохимия және катализ институтының директоры, ҚР-ның ҰҒА академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор; Н.К.Нәдіров – ҚР ұлттық инженерлік академиясының вице-президенті, ҚР ҰҒА академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ғылымының құрметті қызметкері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты; Г.Қасымов – ҚАУ-дың Қамқоршылар кеңесінің мүшесі, ҚР Парламент Сенатының депутаты, Қазақстанның патриоттар партиясының төрағасы және т.б.

ҚАУ Халықаралық білім беру корпорациясының құрамында республиканың беделді агенттіктерінің рейтингіне сай лайықты орын алуға. Университеттің рейтингі жылдан-жылға өсуде. 2016 жылы Қазақстанның көпбейінді жоғары оқу орындарының бас рейтингінде жоғары оқу орны 15-орын алды. ҚАУ-дың бакалавриат мамандықтары бойынша БСКТКА рейтингінде «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы – 7-орын және «Халықаралық қатынастар» мамандығы – 8-орынды иеленді.

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы қойылған мақсаттарды шешу жолында ҚР Үкіметінің және уақыттың талабына жауап беретін Қазақ-Америка университетінің мүмкіндігі зор.